

5 Smirnov N.I., Abdullin R.K., Kashaeva YU.A., Foteeva P.S. *Razrabotka informacionnogo veb-resursa «Nasledie kartografov Urala serediny XVIII – nachala XX vv.» // Kartografiya i geoinformatika. - 2018. - № 3. - S. 115–126.*

6 Kartoev M.M. *Kartograficheskie istochniki po istorii severokavkazskogo regiona v Voенno-uchenom arhive RGVIA (vtoraya polovina XVIII – 60-e gg. XIX veka) // Vestnik RGGU Seriya Istoricheskaya. –2008. - №4/08. - S. 171-191.*

7 Seleznev A. G., Selezneva I. A. *Musul'manskіe kul'tovye komplekсы Sibiri v kartograficheskіh materialah Semena Ul'yanovіcha Remezova // Vestnik Omskogo universiteta. - 2015. - № 4. - S. 165–173.*

8 Abylhozhin ZH.B., Alimgazinov K.SH., Erofeeva I.V., ZHakisheva S.A., Mazhitov S.F., Suzhikov B.M. *Oчерki po istoriografii i metodologii istorii Kazahstana. – Almaty: Dajk-Press, 2007. - 350 s.*

9 RGADA (Rossijskij gosudarstvennyj arhiv drevnih aktov). F. 192. Op.1. D.7.

10 RGADA (Rossijskij gosudarstvennyj arhiv drevnih aktov). F. 192. Op.1. D.6.

11 RGB (Rossijskaya gosudarstvennaya biblioteka). Otd. kartograf. izd. Ko 12/H-13.

12 RGB Otd. kartograf. izd. Ko 7/IV-3.

13 GAOO (Gosudarstvennyj arhiv Orenburgskoj oblasti) F.124. Op.2. D. 4297.

14 GAOO F.124. Op.2. D. №3983.

15 Medushevskaya O.M. *Kartograficheskie istochniki XVII-XVIII vv. Uchebnoe posobie po istochnikovedeniyu istorii SSSR. - M.: Moskovskij gosudarstvennyj istoriko-arhivnyj institut, 1957. – 28 s.*

16 RGVIA (Rossijskij gosudarstvennyj voенno-istoricheskij arhiv). F. 401. Op. 12/959. D 10.

17 Postnikov A.V. *Razvitiе kartografii i voprosy ispol'zovaniya staryh kart. – M.: Nauka, 1985. – 214 s.*

18 RGADA F. 248. Op 1. D. 1428.

19 Mil'chin A.E. *Izdatel'skij slovar' - spravochnik. – M.: Olma - Press. 2003. – 558 s.*

ӘӨЖ 069.5

ҒТАР 03.61.91

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5461.14>

А.Ш. Ермекбаева^{1*}

¹ *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан, e-mail: ainur.kaznu@gmail.com*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯЛАР ЖИНАҒЫ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қоры негізінде Орталық Азия түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты коллекциялардың жинақтау мәселелері қарастырылады және сол жинақталған коллекциялардың құрамы сипатталады. Себебі, ерекше екішеп айтар болсақ, отандық музейлердегі этнографиялық коллекцияның қорын үнемі толықтырып отыру мәселесі өзекті ғылыми әрі ғылыми-практикалық мәселе болып табылады. Ұлттық мәдениетті насихаттау мен оны сақтау мәселесінде этнографиялық коллекциялардың алар орны айрықша. Әсіресе, дәстүрлі мәдениетке қатысты тұрмыстық және шаруашылық бұйымдары қолданыс аясынан шығып кеткен жағдайда этнографиялық коллекциялардың маңызы арта түседі. Сондай-ақ, этнографиялық коллекциялар ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін үлкен маңызды дереккөз ретінде қолданылады. Қарастырылып отырған мақалада этнографиялық коллекциялардың қалыптасу ерекшеліктері мен факторларына басты назар аударылған. Сонымен қатар, автор жоғарыда көрсетілген халықтардың этносаралық өзара қарым-қатынас аясында пайда болған дәстүрлі-тұрмыстық қолданыстағы заттардың ұқсастықтар мен айырмашылықтарға ерекше назар аударады. Музейдің этнографиялық коллекциялары халықтардың дәстүрлі-тұрмыстық мәдениетінің әртүрлі аспектілерін көрсетеді. Аталмыш коллекциялардың жинақтау жұмыстары арнайы тақырыптарды зерттеу үшін ұйымдастырылған этнографиялық экспедициялар мен тұлғалардың сыйға тартуы және сатып алу негізінде жүзеге асырылып отырғандығы анықталды. Сондай-ақ, коллекциялардың толығына жергілікті әкімшіліктің мемлекеттік қызметкерлерді ынтымақтастыққа тарту сияқты факторлар да айтарлықтай әсерін тигізген.

Түйін сөздер: *коллекция, қор, орталық музей, этнографиялық коллекция, түркі халықтары, тарих, мәдениет.*

Ермекбаева А.Ш. ^{1*}

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан, e-mail: ainur.kaznu@gmail.com

КОЛЛЕКЦИИ ПО ИСТОРИИ И КУЛЬТУРЕ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В ФОНДАХ ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы комплектования коллекций по истории и культуре тюркских народов Центральной Азии на примере Центрального государственного музея Республики Казахстан. Проблема научного комплектования и обработки музейных ценностей относится к числу наиболее важных проблем современного музееведения. Этнографические коллекции выполняют важную роль в пропаганде и сохранности национальной культуры. Их значение особенно возрастает в наше время, когда из реальной жизни народов быстро исчезают предметы традиционной культуры, уходит практика их исследования. Этнографические коллекции являются также важной базой для развития научных исследований. В данной статье характеризуется состав коллекций по истории и культуре указанных выше этносов. При этом основное внимание уделяется особенностям и факторам формирования этнографических коллекций, а также выявлению общих и специфических элементов в структуре традиционных предметов этих народов в контексте межэтнического взаимодействия. Автор делает вывод, что этнографические коллекции музея отражают различные аспекты традиционно-бытовой культуры народов, а также отмечает, что при формировании музейных коллекций значительное влияние имели такие факторы, как организация научных и собирательских экспедиций, покупка вещей у частных лиц, привлечение к сотрудничеству государственных служащих местной администрации.

Ключевые слова: коллекция, фонд, центральный музей, этнографические коллекции, тюркский народ, история, культура.

Yermekbayeva A. ^{1*}

¹Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: ainur.kaznu@gmail.com

COLLECTIONS ON THE HISTORY AND CULTURE OF THE TURKIC PEOPLES OF CENTRAL ASIA IN THE FUNDS CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

The article is devoted to the problems of completing collections on the history and culture of the Turkic peoples of Central Asia on the example of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan. The problem of scientific acquisition and processing of museum valuables is one of the most important problems of modern museology. Ethnographic collections play an important role in the promotion of national culture and its preservation. Their importance is especially increasing in our time, when traditional cultural objects are rapidly disappearing from the real life of peoples, and the practice of their research is disappearing. Ethnographic collections are also an important base for the development of scientific research. This article describes the composition of collections on the history and culture of the above-mentioned ethnic groups. At the same time, the main attention is paid to the peculiarities and factors of the formation of ethnographic collections, as well as to the identification of common and specific elements in the structure of traditional objects of these peoples in the context of interethnic interaction. The author concludes that the museum's ethnographic collections reflect various aspects of the traditional and everyday culture of peoples, and also notes that such factors as the organization of scientific and collecting expeditions, the purchase of things from private individuals, and the involvement of civil servants of the local administration had a significant impact on the formation of museum collections.

Key words: collection, fund, central museum, Turkic people, history, culture.

Кіріспе. Соңғы жылдардағы қоғамдық өмірдегі болып жатқан өзгерістер музей қорларындағы халықтың тарихи-мәдени мұрасына, оның зерттелуі мен пайдаланылуына ерекше мән беріп, оларды зерттеуде жаңа талаптар мен тәсілдерді қажет етуде. Этнографиялық коллекция халықтың дәстүрлі мәдениетіне, тіршіліккамы жүйесіне, шаруашылық және тұрмыстық салтына, рухани мәдениетіне арналған. Қазақстанда ежелгі заманнан қалыптасқан көпшілікке негізделген шаруашылық мәдени типтік

ең басты құрамдас бөліктері – баспана, еңбек құралдары мен бұйымдары, ас дайындау және тамақтану жүйесі, киім-кешек сияқты дәстүрлі тіршілікқамы мәдениетінің ең маңызды салалары уақыт пен кеңістік екшеуінен өткен өзіндік болмыс бітімімен дараланады. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музей қорындағы этнографиялық коллекциялар халықтың тұрмысы мен мәдениетінің кешенді көрсетуге мүмкіндік береді және олардың көпшілігі сирек кездесетін тарихи-мәдени құндылық болып есептеледі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейі тек Қазақстан аймағында ғана емес, бүкіл Орталық Азия аймағындағы ең көне және ірі музейлердің бірі болып табылады. Музей қорының негізгі коллекцияларының қалыптасуы сонау Орынбор өлкелік музейі кезеңінен бастау алады. Музей қорында 300 мыңға жуық музей құндылықтары бар, оның ішінде бірегей этнографиялық бұйымдар топтамасы жиырма төрт мыңнан астам сақтам бірлікті құрайды. XIX–XX ғасырларға жататын коллекцияның басым бөлігі музей қалыптасқан жылдардан бастап жинақталған [1].

Музей заттарының өзіндік өмірбаяны, өмір сүру орны мен уақыты, және олардың музей қорына түсу жолдарын зерттеу музейлік ғылым үшін маңызды болып табылады. Музей құндылықтарын жинақтаушылар мен экспедиция жұмыстарының нәтижесінде музейге келіп түскен музейлік мәні бар заттардың, сондай-ақ тарихи құндылығы бар халық арасында белгілі бір уақыт аралығында қолданылған заттардың сипаттамаларын жасау және олардың әртүрлі жолдар арқылы музей қорына түсу жағдайларын зерттеу ғылыми қызығушылық тудыратыны сөзсіз [2, 3-б.]. Қарастырылып отырған аймақ бойынша ҚР МОМ қорында зерттеуді қажет ететін, әлі ғылыми айналымға енген, толыққанды зерттелмеген музей құндылықтары жетерлік. Сол себепті музей қорында Орталық Азия аумағында тұратын халықтардың өмірі мен мәдениетіне қатысты жинақталған музей құндылықтарының қалыптасу тарихын зерттеу және оны ғылыми айналымға енгізу өзекті болып табылады.

Мақаланың мақсаты Орталық Азиядағы түркі халықтарының тарихы мен дәстүрлі мәдениеті туралы коллекциялардың құрамын, ерекшеліктерін, сонымен қатар олардың қалыптасу тарихын зерттеу болып табылады.

Материалдар және әдістер. Мақала жазу барысында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музей қоры пайдаланылды. Әсіресе, коллекциялардың жинақталу тарихы мен музей қорына түскен жылдары, оның жинақтау жолдары басты назарда болды. Музейлік есеп құжаттары, музейдің ғылыми есептері деректік база ретінде пайдаланылды. Кітапхана қорынан алынған материалдар, әр жылдардағы ғылыми есептер, бұйрықтар пайдаланылды.

Зерттелініп отырған мәселе тарихилық, жүйелілік және салыстырмалы талдау қағидаттары негізінде жазылды. Сондай-ақ контекстік немесе контекстуалдық тәсіл басшылыққа алынды. Бұл талдау белгілі бір әлеуметтік уақыт пен әлеуметтік кеңістіктегі даму заңдылықтарын, осыған орай оның өзінің логикасын шынайы зерделеуге мүмкіндік беретін ерекше тәсілдерінің бірі. Яғни, қарастырылып отырған уақыт аралығында тікелей әсер ететін социумдағы сан алуан институционалдық, идеологиялық және саяси, оған қоса экономикалық факторлардың ықпалы арқылы музей құрылымында пайда болған механизмдердің, атап айтқанда қалыптасу алғышарттары, тарихи даму заңдылықтары, құрылу логикасын зерделі парактауға мүмкіндік береді. Ал, тарихнамалық талдау зерттеулерді хронологиялық, сондай-ақ қарастырып отырған мәселелер бойынша топтастыру тәсілдері арқылы жүзеге асты.

Талқылау. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейіне қатысты жазылған бірнеше зерделі жұмыстар бар. Оларды шартты түрде екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, музейдің пайда болуы мен музей тарихына байланысты еңбектер болса, екіншісі, музей қорындағы этнографиялық коллекция деректік негіз ретінде пайдаланылған қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті туралы жазылған авторлардың еңбегі.

Музейдің пайда болу тарихы өлкетанушылардың назарына тек XX ғасырдың бас кезеңінде ғана іліне бастады. Оған П.Н. Столпянский мен П.Д. Райскийдің еңбектерін жатқызсақ болады [3, 4]. П.Д. Райский өзінің жазбасында «музей древностей» деген атаумен музейдің орналасқан ғимараты, оның ғимараттың тек бір бөлмесін ғана алып тұрғандығы туралы мәлімет келтірген. Сонымен қатар музей қайтадан 1897 жылы 10 мамыр күні Орынбор Ғылыми Архивтік комиссиясының төрағасы болған П.П. Бирктің тікелей көмегімен ашылғандығы жөнінде жазды. Музей коллекциясының жинақталу тарихына байланысты мәселелерге ден қоймаса да, сол кездегі музей бөлмесінде орын алған заттарға байланысты пайда болған бөлімшілердің классификациясын жазып қалдырған [4, с. 59-60].

Н. Модестов өзінің тікелей Орынбор музейіне қатысы бар В.Даль, Ф.Зан, М.Зеленко туралы жазған биографиялық очерктерінде музейге қатысты кейбір мәліметтерді келтірген [5, 6]. Модестовтың еңбегінде Орынбордың граф-генералы болған П.П. Сухтелен музейдің өркендеуіне үлкен үлес қосқан-

дығы, ал кейін одан кейінгі болған граф-губернатор В.А. Перовский музей жұмыстарына салғырттықпен қарады деп, кейін музейдің құлдырауына әкеп соққандығы туралы өз ойын жазып қалдырған [6, с. 52-53].

Орынборда жарық көрген «Труды общества изучения Казахстана (киргизского края)» атты еңбек жинақтарында (1921-1929 жж.) музейдің музейге келушілер саны, музей көрмелері, сондай-ақ музей қорының толығы туралы есеп түріндегі мәліметтер келтірілген [7].

1930 жылы Қазақстанда музей жүйесі құрылысының бастамасы болған Орталық музейдің «Вестник Центрального музея» атты басылымының жалғыз саны жарық көрді. Онда Халық ағарту комиссариатының Қазақстан музейлеріне, Орталық музей кеңесінің өлкетану-музей мекемелеріне арнаған үндеулері, музей міндеттері жазылды. Осы басылымда Орталық, Семей, Жетісу, Сырдария, Петропавл, Ақмола, Орал, Қостанай, Ақтөбе, Көкшетау музей қызметтері жайында қысқаша мәлімет жазылған [8].

Ә.М. Жиреншиннің ҚазССР ҒА Жаршысында «Қазақстан Орталық мұражайы тарихынан» мақаласы жарияланды. Орталық музей тарихы мен қызметіне арналған бұл мақала бүгінгі күні өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Мақалада музейдің қысқаша тарихы мен кейбір маңызды музей коллекциялары туралы жазылған [9].

Кеңес үкіметінің алғашқы 20 жылында Қазақстанда музей жүйесінің құрылуы мен олардың қызметін зерттеуде С.Ш. Ахметованың еңбегі зор. Оның «Историческое краеведение в Казахстане» атты еңбегінің жеке бір тарауы «развитие музейного краеведения и дела охраны памятников» тақырыбына арналған. Еңбекте 20-30 жылдары музей құрылысы мәселесі мен ондағы жекелеген мекемелер мен түрлі қоғамдық ұйымдардың атқарған жұмыстары қарастырылған.

XX ғасырдың 80-90 жылдарында қазақ өнерінің тарихын зерттеу жұмыстары жалғасын тапты. Бұл зерттеулерде, әсіресе, Ә.Марғұлан, М.Мұқанов, Х.Арғынбаев, В.Востров, Ө.Жәнібеков сынды ғалымдардың еңбектерінде музей қорларында сақталған қазақ қолданбалы және бейнелеу өнерінің жауһарлары шебер талдаған [10-17].

Қазақстанда музей жүйесінің қалыптасуы мен оның атқарған қызметтері жайында А.Е. Қайназарованың, А.Ғ. Ибраеваның, С.Тайманның диссертациялары 1995-1999 жылдары жазылды. Бұл еңбектерде Қазақстанға Ресейден келген түрлі экспедициялар мен ғылыми ұйымдардың өлкені зерттеуге қосқан үлестеріне тоқтала келе, олардың өлкедегі алғаш музейлердің қалыптасуындағы атқарған ролін, әр жылдардағы музей ісінің даму тарихы, мәдени-ағарту жұмыстары мәселелері ашып көрсетілген [18-20].

Коллекциялардың құрамы мен олардың қалыптасу кезеңдері туралы құнды материалдар мерзімді баспасөз беттерінде және интернет ресурстарында қамтылған.

Тақырыбымыздың белгілі тарихнамалық аспектілері кейбір авторлардың еңбектерінде қамтылғанымен, жалпы, зерттеушілердің еңбектерінде қарастырып отырған тақырыптың кейбір қырлары ғана қарастырылған. ҚР МОМ жинақтары аталған еңбектердің көпшілігі қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысын зерттеуге арналған. Орталық Азиядағы қалған түркі халықтары туралы айтатын болсақ, олардың зерттеу нысаны болмағанын айта аламыз. Автордың ойынша, бұған аталмыш халықтар жинағының елеусіз көлемде әрі кеш қалыптасуы себеп болған. Бірақ соған қарамастан, музей экспозицияларындағы көршілес түркі халықтары туралы материалдар олардың мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігі туралы түсінік беретіндей кешенді түрде берілген. Осылайша, таңдалған тақырыптың маңыздылығы мен қарастырылып отырған ғылыми еңбектердің зерттелу дәрежесі арасында белгілі бір қайшылықтар бар екенін аңғаруға болады.

Зерттеу нәтижелері. Қарастырып отырған аталмыш музейдегі этнографиялық коллекциялардың басым бөлігі XIX-XX ғасырларға жатады. Қазақ халқының өткен тарихын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін зерттеуде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында музейде жинақталған құндылықтары маңызды орын алады. Қазақстанның музейлер желісінің қызмет етуінің ұйымдық-институционалдық негіздерін қалыптастыру және тарихи-мәдени құндылықтар қорын қалыптастыру процесі XIX ғасырдың 30-жылдарына келеді. Себеп-салдарлық байланыстар арқылы өзара байланысқан әртүрлі оқиғаларға негізделген тарихи деректер Орталық музей тарихының «орынбор кезеңі» деп аталатын бұл процесті [21, 11-б], 1830–1833 жылдары музей ісі саласындағы ұйымдастырушылық қызметін Орынбор облысының әскери губернаторы граф П.П. Сухтеленмен байланыстырады. П.П. Сухтеленнің тікелей бастамасымен Орынбордағы Неплюев әскери училищесінде ашылған «museum» алғашқы келушілерін 1831 жылы 1 сәуірде қабылдады. Осылайша, бұл ұйымдық-институционалдық негіздер мен құндылықтар қорын қалыптастырудың басталуы жоғарыда көрсетілген уақытқа сәйкес келеді деп айтуға толық негіз береді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің қорында сақтаулы тұрған «орынборлық» экспонаттарының басым бөлігі мұнда 1924-1925 жылдары түскен. Сонымен қатар, экспонаттардың көбісі экспедиция жұмыстары нәтижесінде музей қорына түскен, ал кейбіреулері ақшаға

сатып алынған немесе сыйлық ретінде тапсырылған. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін музейлердің ғылыми-зерттеу жұмысын күшейтуге Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының (1925 жылдан – Қазақстан зерттеу қоғамы) ұйымдастырылуы айтарлықтай әсер етті. Қоғам мүшелері әу бастан ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі бағыттарын жан-жақты ғылыми тұрғыда айқындап, архивтер, кітапханалар, музейлермен тығыз байланыс орнату, тарихи-мәдени құндылықтарды жинақтау мақсатында экспедициялар ұйымдастыру, жергілікті сәулет өнері, археологиялық ескерткіштерді зерттеу жұмыстарына, сонымен қатар жинақталған жазба деректер мен материалдық объектілердің жүйеленуі, типологиясы бойынша көмек көрсету жұмыстарын жүргізді. Бұл кезеңде этнографиялық материалдарды жинап, зерттегенде жәдігерлерді дұрыс сақтау әдістері мен оларды жан-жақты ғылыми зерттеу әдістеріне елеулі орын берілді. Әрі қарай сол коллекциялардың құрамын анықтап, оларға сипаттама бермес бұрын кейбір түсініктемелерге назар аударғанды жөн көрдік.

«Этнографиялық коллекция» ұғымы жөнінде. Зерттеліп отырған тақырып түркітілдес Орталық Азия халықтарының мәдениеті мен тарихына байланысты жинақталған коллекциялар аясында болғандықтан, нақты қандай музей құндылықтарына назар аударатынымызды айқындап алған абзал. Бұл кезекте ең алдымен «этнографиялық коллекция», «этнографиялық зат» ұғымдарын қалай түсінеміз және оны зерттеу жұмысында қалай қолданамыз деген мәселеден бастауды жөн көрдік.

Этнографиялық коллекция басқа коллекциялардан ауқымының кеңдігімен ерекшелінеді. Ауқымының кеңдігі оның тікелей этнографиямен байланыстығында. Сондықтан, «этнографиялық коллекцияның» ауқымын түсіну үшін келесідей анықтамаларға сүйендік. Этнография – әлем халықтарын зерттейтін ғылым. Ол әлем халықтары мен әр түрлі этникалық топтың шығу тегін, ру-тайпалық құрамын, қонысын, тұрмысы мен мәдениетін, олардың өзіндік ерекшеліктерін зерттейді. Ю.В. Бромлейдің берген анықтамасы бойынша этнография ғылымы әлем халықтарының ұқсастықтары мен айырмашылығын, сондай-ақ алғашқы дәуірі кезеңі мен біздің күндерімізге дейін адамзат тарихында болған елеулі құбылыстарды зерттейді деген [22, с.10]. Этнографияның зерттеу нысаны «этнос» (халық) болып табылады және әлем халықтарымен байланысты барлық пәндер де этнографияның зерттеу нысанын құрайды. Оларға этностың пайда болуы және оның тарихы, таралу аймағы мен саны, олардың тілдік және діни ерекшеліктері, дәстүрлі мәдениеті мен шаруашылық түрі, материалдық мәдениеті (қоныстану аймағы мен үй-жайы, киім-кешек, тамақ т.б.), қоғамдық институттар (ру, қоғам, отбасы т.б.) және рухани мәдениеті жатады [23]. Этнография терминінің астарында жалпы адамзаттың тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, тарихы, дәстүрі, жалпақ сөзбен айтқанда өмір сүру салтын және сонымен байланысты барлық факторларын зерттейді.

Ал сол өмір сүру салтынан қандай да бір мағлұмат беретін заттар жиынтығы этнографиялық коллекцияны құрайды. Музей саласында этнографиялық коллекция терминіне байланысты келесідей анықтама берілген: этнографиялық коллекция – жүйелі түрде жинақталған, белгілі бір этнос немесе этникалық топтың мәдениетін көрсететін заттар жиынтығы. Тіршілікті қамту ортасынан алынған заттар этномәдени ақпарат сақталған жағдайда ғана ол коллекцияның құрамы және толыққанды музей экспонаты болып есептелінеді. Этнографиялық коллекциялар этностың материалдық мәдениетін (күнделікті тұрмыс-жағдайы, шаруашылығы, өндіріс жайы) және материалдық емес мұраларды (салт-дәстүр, наным-сенім, фольклор) көрсетеді. Этнографиялық коллекция құрамындағы артефактілер өзіне тән ерекшеліктерімен қатар (материалы, жасалу технологиясы) өзінің қолдану аясында пайда болған мәдени сипаттағы ерекшеліктермен де ерекшелінеді (функционалдық қызметі, типі, қолданыс аясы және т.б.) [24].

Этнографиялық зат этнографиялық экспонат болу үшін, ол мәдени-тарихи құндылыққа ие болып қана қоймай, сонымен қатар халықтың мәдениетін және оның құрамдас элементтерін көрсететіндей экспозициялық модель құруға жарамды болуға тиіс. Сондай-ақ мәдениетаралық модель құруға, әртүрлі халықтардың мәдениеттеріндегі ұқсастық ерекшеліктерін көрсететіндей ақпаратқа ие болуы қажет. Этнографиялық зат халықтың тұрмыстық мәдениетін сипаттайды. Этнографиялық заттың дәстүрлі сипаты белгілі бір материалдарды, конструктивтік техника мен дайындау әдістерін, ою-өрнектерді, элементтер мен композицияларды қолданудан, сондай-ақ сол заттарды қолдану аясы және ғұрыптық, салт-дәстүрге байланысты қолдану контекстінде көрініс табады. Мәдени ортадан этномәдени сипаттағы ақпаратты жоғалтқан зат этнографиялық экспонат бола алмайды [25, с. 363].

В.А. Дмитриев пен Н.М. Калашникованың берген анықтамасы бойынша этнографиялық коллекция этнос мәдениетіне қатысты 3 түрлі құбылысты көрсетеді. Біріншісі, өткен ғасырға тән дәстүрлі-тұрмыстық мәдениет құбылыстары (тұрмыстық және шаруашылық құралдар мен бұйымдар, архаикалық тұрғын үй типтері мен киімдер, діни-ғұрыптық заттар және т.б.). Екіншісі, өзіндік этномәдени дәстүрлерді сақтау және олардың бүгінгі күнде тұрмыс-салт тіршілігінде сабақтасып, көрініс табуы (қазіргі заманғы тұрғын үй мен киімнің дәстүрлі элементтері, халық кәсіпшілігінің құралдары мен дәстүрлі бұйымдары).

Ал соңғысы, этникалық топ мәдениетіндегі қазіргі заман өркениет тудырған құбылыстардың ұлттық мәдениетте көрініс табуы және оның әсері (көркем өнер бұйымдары, қазіргі танымал мәдениеттегі дәстүрлі заттар, ежелгі мәдениеттің жасанды түрде қалпына келтірілген элементтері және т.б.) [25, с. 363].

Қандай да бір халықтың мәдениетін көрсететін және этнографиялық топқа жататын этнографиялық экспонаттар этнографиялық коллекция болады. Халық немесе этникалық топ мәдениетінің құрамдас бөліктері болатын этнографиялық коллекциялар музей коллекцияларының ішінде мәдениет санатына да жатқызуға болады. Оған киім-кешек коллекциясы, қару-жарақ коллекциясы, кілемдер коллекциясы, зергерлік бұйымдар коллекциясы, музыкалық аспаптар коллекциясы, наным-сенімге байланысты артефактілер, тұрғын-үй типтері, жиһаз, шаруашылық және кәсіптік құралдар коллекциясы, т.б. жатады. Дәл осы коллекциялар жиынтығы этнографиялық коллекцияның құрамын анықтайды. Этнографиялық коллекцияның құрамдас бөліктерін шаруашылықтан бастап халықтың білім салалары мен дін және әртүрлі наным-сенімге дейін мәдениеттің ерекшеліктеріне қарай топтастыруға болады. Мысалы, кәсіпшілік бойынша артефактілер, қолөнер бұйымдары, қару-жарақтар, музыкалық аспаптар, тұрғын үй, жиһаз, ыдыс-аяқтар жүйесі, киім-кешек кешені, наным-сенімге байланысты артефактілер және тағы басқалары. Бір коллекция құрамына кіретін этнографиялық экспонаттарға атрибуция жасау барысында олардың әр қайсысына жеке сипаттама беріп қана емес (зат атауы, формасы, жасалу технологиясы), сондай-ақ олардың өзара байланысын да міндетті түрде жазып көрсетіледі. Өзіндік ерекшеліктеріне қарай оның функциясы, наным-сенімге байланысты қолданылуы және басқа да қолданыс аясы, ол заттың иесі немесе жасаған шебердің аты-жөні, сол қолданыс аясына байланысты басқа заттармен байланысы туралы ақпараттар жазылады. Этнографиялық коллекцияның сақталуы этнографиялық экспонаттың материалына сәйкес консервациялау және реставрациялау әдістерін қолдану арқылы сақтау шарттарымен қамтамасыз етіледі. Сондықтан сақтау кезінде этнографиялық коллекциялар этнографиялық заттың жасалу материалына қарай әр түрлі қорда шашыраңқы болып сақталынады, ал олардың тұтастығы тиісті құжаттамамен бекітіледі.

Зерттеу аясында этнографиялық коллекция түсінігі бүгінгі таңда жойылып бара жатқан немесе қолданыс аясынан шығып кеткен, өткен ғасырға тән дәстүрлі-тұрмыстық мәдениет құбылыстарын көрсететін этнографиялық заттар тұрғысынан қарастырылды. Заттарды этнографиялық коллекцияларға жатқызудың хронологиялық шеңбері, әдетте 19 ғасырдың аяғы – 20 ғасырдың басы, яғни индустриалды өмір салтының жаппай таралуына дейінгі және дәстүрлі тұрмыстық мәдениеттің басым болған уақыт аралығымен негізделеді. Сондай-ақ этнографиялық затқа ХХ ғасырдың ІІ-жартысында қолданған этномәдени ақпаратқа ие бұйымдар да жатады.

Сәйкесінше осы зерттеу жұмысында ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басындағы Орталық Азия аймағындағы түркітілдес халықтардың дәстүрлі мәдениет, шаруашылық және тұрмысқа қатысты этнографиялық артефактілердің қорлану үрдісінің алғышарттарын айқындау және қазақ өлкесінде пайда болған алғаш музейлердегі аталмыш коллекцияның жинақталу тарихын қарастыру басты негізге алынды.

Музейдегі этнографиялық құндылықтардың халықтың дәстүрлі мәдениеті мен тарихының бірегей ескерткіштері ретінде де, әрі отандық этнология және тарих, мәдениеттану, ескерткіштану, деректану үшін де ғылыми-танымдық маңызы өлшеусіз артефактілердің қатарына жатады. Жылдар өткен сайын этнографиялық коллекция қорларының ғылыми маңызы арта түсуде. Яғни, этнографиялық музейлік коллекция ұлттық мәдениетті насихаттауда және оны сақтауда маңызды рөл атқарады. Әсіресе, дәстүрлі мәдениеттің объектілері халықтың күнделікті қолданыс өмірінен шығып кеткендігіне байланысты олардың маңыздылығы одан әрі арта түспек.

Қазақ халқының материалдық және рухани мәдениеті. Отырықшы егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысатын халықтар ешқашан бір-бірінен оқшау өмір сүрген емес. Олар қашанда тығыз экономикалық қарым-қатынаста болып, өз шаруашылығының өнімдерімен алмасып отырды, және арасындағы саяси, мәдени байланыс қашанда берік болды. Отырықшы халық пен дала халықтары арасындағы көп ғасырлық байланыстар Орталық Азия халықтары тарихының, тұрмыс-тіршілігінің және материалдық пен рухани мәдениетінің өте көп өзіндік ерекшеліктерін анықтады [26, с. 5]. Тарихи тағдыры, географиялық қоныстану аймағы және ортақ мәдени заңдылықтар әрекетінің ортақтығына байланысты Орталық Азия түркі тілдес халықтарының мәдениеті мен тарихында орын алған ұқсастықтар мен өзіндік ерекшеліктерінің көрінісін музей экспозициясынан аңғаруға болады.

ҚР МОМ этнографиялық коллекция құрамына жинақталған заттар олардың атқаратын функциясы мен қолданыс аясы принципі негізінде келесі түрлерге топтастырылған. Олар: кілем және тоқыма бұйымдары, киіз бұйымдары, киім-кешек, ыдыс және жиһаз, зергерлік бұйым, шаруашылық құралдары, ат әбзелдері, қару-жарақ және қорғаныс жабдықтары.

Қазақ халқының материалдық және рухани мәдениеті осы музейдің экспозициялық залында (тарихи этнография залында) көрініс тапқан. Бұл зал қазақтың дәстүрлі мәдениетіне, тұрмыс-тіршілігіне, тіршілікке жүйесіне, шаруашылық-тұрмыстық тұрмысына, қазақтардың рухани мәдениетіне арналған. Экспозицияның ғылыми концепциясы танымал этнограф, ғалым Нұрсан Әлімбаевтің жетекшілігімен әзірленген. Композициялық жағынан зал қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің этнографиялық ерекшелігін көрсететін шағын және үлкен екі шеңберге бөлінген экспозициялық кешендерден тұрады.

Этнография залында тұрмыстық және қолданбалы өнер бұйымдары, қару-жарақ пен әскери жабдықтар топтамалары, зергерлік бұйымдар, қазақтың ұлттық киім үлгілері, кілем және киіз бұйымдары, қазақ кестелерінің көптеген түрлері қойылған.

Залда қазақтың дәстүрлі мәдениетінің символы ретінде – киіз үй басты орынды алады. Көшпелі халық өмірінде, жорықтар мен аң аулаушылықта киіз үй құрылысының тез тігілуі мен тез жиюлуға арналып жасалуының маңызы зор болған. Киіз үй түркі халықтарының дәстүрлі мәдениетінің басты нышандарының бірі болып табылады.

Көшпелі түркі халықтарының дәстүрлі мәдениетінің негізгі құрылымдық компоненттеріне тұрғын үй (ең алдымен киіз үй), жиһаз, тамақ, киім-кешек, тұрмыстық ыдыс-аяқ, халықтық таным және сәйкесінше олардың қолдану технологиялары жатады. Шаруашылық және тұрмыстық бұйымдардың барлығы дерлік негізінен былғары, киіз, тоқыма, ағаш, сүйек, ішінара металл бұйымдарынан жасалынған. Осы айтылғандардың барлығы орталық музей қорында бай коллекциямен сақталынған.

Киіз үй қазақтың көшпелілер баспанасының негізгі түрінің ең кең тараған дәстүрлі атауы. Киіз үй мынадай құрылымдық элементтерден тұрады: кереге, уық және шаңырақ. Киіз үйдің көлемі қанат санына байланысты, оны кереге деп те атайды. Қазақтар арасында кең тараған киіз үйдің түрі алты қанатты киіз үй болған [16, с. 26].

1947 жылы орталық музейде екі кешенді экспедиция ұйымдастырылды: бірі – құрамында тарихшы, археолог, этнограф, суретші және фотооператоры бар Семей, Павлодар және Қарағанды облыстарына; екіншісі – Қостанай облысына [27]. Экспедиция нәтижесінде колхоздарда болған қазақтың заманауи ою-өрнек өнерінің 1000-нан астам үлгілері жиналды. Бұл ою-өрнектер колхоз ауылының тұрмыс-тіршілігінде сырмақ, тұскиіз, алаша, бауларды көркем безендіруде, сүйекке, ағашқа, темірге ою-өрнек салуда кеңінен көрініс тапты. Әр аймақтың басқалардан ерекшеленетін өзіндік ою-өрнектері мен шеберлігі болды. Экспедиция Кеңес өкіметінің 30 жылдығына орай халық шеберлерінің қолынан шыққан әшекейлі алты қанатты үлкен қазақ үйін әкелді. Колхоз өмірінен көптеген заманауи фольклор да жазылып алынды.

Сондай-ақ, алты қанат киіз үйдің тағы бір жиынтығы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі негізгі қорының музей заттарының түсім кітабына КП-13242 / 1-112 нөмірімен тіркелген. Бұл киіз үйдің жиынтығы кереге, уық, бау, киіз төсеніш, басқұр, шаңырақ, есіктерден тұрады. 1972 жылы қазақтың белгілі жазушысы, Социалистік Еңбек Ері Ғ.Мүсіреповтің тапсырысымен жасалған бұл киіз үйді ол 3 жыл пайдаланған. Кереге, шаңырақ, уықтары Қарақалпақстанда, ал киіз төсеніш Талғарда, бау, басқұры Аралда жасалынған. Өкінішке орай, шеберлері белгісіз. Бұл киіз үй 1975 жылы жазушының жары Бисенова Ғазиза Нұрғалиқызынан сатып алынған.

Кез келген тұрғын үйдің интерьері сәндік-қолданбалы өнер заттарынан құралады. Түрлі материалдардан жасалған тұрмыстық бұйымдардың өзіндік утилитарлық және әсемдік үшін қолданатын функциясы бар [16, с. 26]. Киіз үй пайда болғалы бері ішкі безендіруде шеберлердің қолынан шыққан бұйымдар маңызды орын алған. Сондай-ақ киіз үйдің ішіне кілемдер төсеп, іргелеріне сандық, кебеже, жүкаяқ сияқты заттар қойған. Осының бәрі көркем өңдеуден өтіп, киіз үйге орналастырылған соң оның ішкі көрінісіне көрік қосқан.

Ағаштан жасалған бұйымдар ежелден қазақтардың күнделікті тұрмысында кеңінен қолданылған. Мұның себебі ағаштың қолжетімді болуы және оны өңдеуге ыңғайлы болуы, сонымен қатар бұл материалдың жеңілдігі өте маңызды болған. Халық шеберлері ағаштан әсем бұйымдар жасаған, әсіресе ұлттық ыдыстар: тегене, ожау, тостаған, саптаяқ, күбі, астау, т.б. Бұл бұйымдар көбінесе түрлі ою-өрнектермен, сүйекпен, күміспен безендірілген. Ағаштан жасалған ыдыстардың үлгілері қазіргі уақытта тұрмыста кездеспейді, дегенмен олар ҚР МӨМ қорларында жеткілікті түрде ұсынылған. Айта кету керек, олар музей қорына орынбор кезеңінен бастап жинақтала бастаған.

Көшпелілер өмірінде тері бұйымдары маңызды орын алды. Қазақ қолөнершілері теріден түрлі шаруашылық, тұрмыстық, сәндік бұйымдар жасаған. Одан қымыз және басқа да сүт өнімдерін сақтауға және тасымалдауға ыңғайлы ыдыстар (көнек, торсық, саба, мес) жасалды, сондай-ақ әртүрлі киімдер, белдіктер, аяқ киімдер, сондай-ақ ат әбзелдерін жасаған.

Қазақ халқының теріден жасалған ыдыстарына саба, торсық, көнек, шанақ және т.б. жатады. Бұл аталған тері ыдыстардың жасау технологиясында өзгешелігі терілерді ыста ұстаған. Қазақ арасында тері ыдыс жасау кезінде тері ыстауға маманданған ысшылар болған, немесе ауылдың ақсақалы ысты салған. Себебі ыс дұрыс салынбаса өрт шығып, ыстауға арналған терілерді жарамсыз еткен [28, с. 274].

Айта кету керек, қазақтар мен қырғыздардың бұйымдары мен терминологиясында көптеген ұқсастықтар кездеседі. Барлық көшпелі халықтар сияқты қырғыздарда да мал шаруашылығы маңызды және басты рөл атқарғандықтан, тері өңдеуге және одан әр түрлі бұйымдар жасауға үлкен мән берілді. Мысалы, қырғыздар алынған теріні өңдегеннен кейін аяғы мен құйрығын тігіп, мойнын ашық қалдырады. Дайын болған теріні міндетті түрде ыстаған. Оның негізгінен қымыз, айран сақтау немесе тасымалдау үшін қолданған. Олар оны «меш» деп атайды. Киіз үйде ол әрқашан белгілі бір орынды алады, әдетте қымыз сақталатын шаруашылық киіз үйдің жанында ұстаған. Дәл осындай атауы бар, қазақ халқының теріден жасалған ыдыстарының бірі – мес, осындай жасалу тәсілі бірдей құбылыс солтүстік-шығыс найман қазақтарында да кездеседі [29, б. 125].

Этнографиялық коллекцияның бір түрі – ат-әбзелдер. Ат әбзелдері – жылқыны мініс пен шаруашылыққа пайдалануда қолданылатын құрал-жабдық түрлері. Ат әбзелдерінің әсемдеп әшекейленуі, түрлерінің сан алуандығы сол кездегі қазақтардың әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық жағдайымен тікелей байланысты болды. Ауқатты байлар, ел басқарған хандар, сұлтандар мен билер ат әбзелдерінің түрлі асыл тастар мен бағалы металдармен әшекейлеп жасаған қымбат түрлерін қолданды. Ат әбзелдер құрамына ер, тоқым, өмілдірік, құйысқан, үзенгі, айыл, жүген, көпшік, қамшы т.б. жатады.

Осылардың ішіндегі ең негізгісі – ер. Ер – көлікті ерттеп мінуге қолданылатын әбзел түрі. Қазақстанның жері өте үлкен, халық саны сирек қоныстанғандықтан, қазақ өңірінің қай саласында болсын айтарлықтай жергілікті ерекшеліктер қалыптасты. Бұлардың бір-бірінен негізгі айырмасы – олардың жасалу тәсілі мен сыртқы көрінісінде. Осы ерекшеліктеріне қарай «қазақ ері», «құранды ер», «шошақбас ер», «қозықұйрық ер» деген атаулар қалыптасқан [10, 21-б.].

Ең көп тарағаны – *қазақ ері*. «Қазақ ері қайыңнан шабылып, екі қас, екі қаптал және орта ағаш деп аталатын бөлшектерден қосылады. Ердің орта ағашы мен екі қапталына қайыңның бұтақсыз түзу кесінділері, ал екі қасына көбінесе жуандау қайыңның екі айырылған тұсы қолданылады» [10, 21-б.].

Х.Арғынбаев ҚР МОМ қорында сақтаулы тұрған Шығыс Қазақстандық Нәби Кәрібаев деген шебердің қолынан шыққан күміс және алтынмен жалатылған ер туралы жазған. Бұл ердің музей қорындағы *КП нөмірі 9148*. «Әйел ерінің алтындаған бір түрі қазір Қазақ ССР-нің мемлекеттік Орталық музейінде сақталуда. Сүйегі өте ауыр. Ердің сырты түгелдей ойылған темір әшекейлермен жабылған, олардың астынан қызыл барқыт төселген. Темір әшекейлердің бетіне күміс шауып, оның үстіне үшкір біз және дөңгелек бедерлі қадаубаспен әр түрлі гүл-жапырақтардың бейнесі жүргізіледі. Бұдан соң кейбір әшекейлердің бетіне алтын жалатады, ердің маңдайына қызыл түсті шыны орнатылады. Алдыңғы қасының жиектеріндегі күмістелген темір көмкерулерге араб әрпімен жазылған өлең жолдары бар: Қажекем бұйырған соң істеп бер деп, Кәрібаев Нәби ұста соққан ері...» [10, 22- б.].

Ердің келесі бір түрі – *шошақбас ер*. Шошақбас ер Жамбыл облысының оңтүстік-шығысы мен Алматы облысының оңтүстігін мекендейтін қазақтар арасында көп таралған. Бұл ерлердің ерекшелігі, аты айтып тұрғандай, алдыңғы және артқы қастары тікшелеу болып келеді. Шошақбас ерді 4-5 бөлек қайың, қарағаш немесе емен сияқты берік ағаш кесінділерінен шауып құрайды. Кесінділерді бір-бірімен шеге арқылы ұстатады. Қасының айнала шеттерін күміс, жез немесе сүйекпен әшекелейді. «ҚР МОМ қорында сақтаулы (КП 22961) шошақбас ер (Жетісу) бес бөлек қарағаш кесіндісінен құралған. Ердің бел ағашын екі қапталдың ортасынан шауып шығарған. Ердің үсті былғарыдан шегеленіп, қара түсті бояумен боялған. Алдыңғы қастың биіктігі 34 см, артқы қас 22 см, қапталының ұзындығы 42,5 см, ені 19 см.» [30, 163- б.].

Ал, *құранды ер*, көбінесе Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Алматы облыстарында кездеседі. Ердің бұл түрі бірнеше бөлек ағаштардан қосылып жасалады. Сондықтан да оны «*құранды ер*» деп атайды. Х.Арғынбаев және Ә.Тәжімұратовтың жазбаларында құранды ерді 18-20 ағаш кесінділерінен құрастырған делінген.

Әдетте 4-5 бөлшектен жасалатын ерді осыншама көп ағаш кесінділерінен жасалу себебі: «біріншіден, ер қосуды кәсіп еткен шеберлер қолынан шығатын ерлерінің біркелкілігін сақтауды көздейді. Екіншіден, қолда бар ағаш кесінділерінің қандайын болсын қажетіне жарата береді. Ал, ондай материалдардың табылуы да оңайға түспейді. Бұл жағдай ағаш аз өсетін Шымкент, Қызылорда және Жамбыл облыстарындағы ершілерге үлкен мүмкіндіктер туғызады» [10, 24-б.].

Құранды ердің екі қапталын тұтас ағаш кесіндісінен шауып алады. Ал негізгі бөлшектерден екі қасын құрастырады. Х. Арғынбаев осы туралы былай жазады: «ең алдымен, әр қасты өз алдына жеке

құрастырып алады, содан кейін оларды қапталдарға орнатып, ердің орта ағашын қиыстырады» [10, 24-б.], кейін оларды бір-біріне желімдеп, кептіреді.

Батыс Қазақстан өңіріне тән, басы шошайып, арты дөңгеленіп келген ер түрі – *қозықұйрық ер*. Қозықұйрық ердің жасалу жолы құранды ердің жасалуына ұқсас болып келеді.

«ҚР MOM қорында сақтаулы (КП 18535/6) қозықұйрық ер бірнеше бөлек жөке ағашынан құрастырылған. Алдыңғы және артқы қасы сүйектеліп, әдемі жасалынған. Ал, ердің аттығы (*аттық* деген мінген адам отыратын керсеннің жалпақ бөлігінің бет жағы) қалың қоңыр былғарымен тысталып, күміс бүркеншікті шегелермен шегеленген. Алдыңғы қасының биіктігі 28,5 см, артқы қасы 17 см, қапталының ұзындығы 38 см, ені 9,5 см... » [31, 667-б.].

Қазақтың дәстүрлі ұлттық киімінің өзіндік ерекшелігін Орталық Азияның аридтік және субаридтік аймағының климаттық һәм ландшафттық талғам-талабына ғасырлар бойы бейімделген көшпелі шаруашылық-мәдени типінің болмыс-бітімі тұрғысынан түсіндіруге болады. Өйткені киім-кешек кешені көшпелі тіршілікке жүйесінің құрамдас компоненті ретінде қалыптасты. Демек, қатаң континенталды климатта қалыптасқан киім-кешек түрлері қысқы суықтан, жазғы ыстықтан қорғануға және көшпелі өмір салтының ерекшеліктеріне әбден бейімделгендігімен ерекшеленеді.

Дәстүрлі қазақы ортадағы киім-кешектің әшекейлену ерекшелігі адамның материалдық күйіне, әлеуметтік лауазымына, жынысына және жастық категориясына тікелей байланысты болған. Киім-кешекті әшекейлеу, әсіресе, адамның жас ерекшеліктеріне негізделді. Жастардың киім-кешектеріне кестелер көбірек әшекейленіп салынса, егде кісілердің киім-кешектерінің кестеленуі біршама жұпыны болған.

Осы киім-кешек құрылымдық ерекшелігіне қарай ғылыми әдебиетте құрамына қарай «антроморфтық» принцип бойынша жіктеу қалыптасқан: 1) бас киім; 2) сырт киім; 3) бой киім; 4) аяқ киім. Осы киім-кешек жөнінде антроморфтық принциппен жазылған ҚР MOM директоры, этнолог-ғалым Нұрсан Әлімбаевтің жетекшілігімен жасалынған иллюстрацияланған ғылыми каталогты атап өтпеске болмайды [21]. Бұл каталогта ҚР MOM қорындағы хронологиялық шеңбері XVIII-XX ғғ. ортасына дейінгі аралықта қамтитын, барлығы 371 музей құндылықтар киімінің түрлері бойынша топтастырылып, ғылыми сипатталынған. Олардың жасалуы, пішімі, тігу техникасы туралы толық сипаттамаларына қоса заттарға қатысты деректер (жасалған уақыты, орны, шебері, материалы, әзірлеу техникасы), сондай-ақ, қажетті түрлі түсті фотолары берілген.

Киім-кешектердің музей қорына түсу динамикасын антроморфтық принцип бойынша көрсетсек, 1923-1928 жылдар аралығында, яғни «орынборлық» кезеңіне сәйкес бас киім -1, сырт киімдерден-3, бой киімдерден-2, аяқ киім-2. Одан бұрынғы жылдардағы мәліметтер сақталмаған. «Алматылық» кезеңнен бастап соғыс жылдарына дейін бас киімдерден – 8, сырт киімдерден-18, бой киімдерден-6, аяқ киім-11 сақтам бірлігі музей қорына келіп түскен. Ал, Ұлы отан соғысы жылдары музей қорына небәрі 1 зат киім-кешек коллекциясы түскен. Қалған музей қорындағы киім-кешек коллекциялары әртүрлі зерттеу жұмыстары мен экспедициялар нәтижесінде толығып отырған.

Осы киім-кешек коллекцияларының жинақталу географиясына тоқталатын болсақ, олар Қазақстанның барлық дерлік аймақтарынан жинақталған десек те болады. Атап айтқанда Ақмола облысы (Қойтас ауылы, Қызылту ауданы, Октябрь ауданы), Ақтөбе облысы (Қарашығанақ, Шалқар), Алматы облысы (Талдықорған, Алакөл ауданы, Көктұма ауылы, Сарыөзек бекеті, Қапал ауданы, Панфилов ауданы, Еңбекшіқазақ ауданы, Жамбыл ауданы, Кеген ауданы, Күрті ауданы, Қаскелең ауданы, Нарынқол ауданы, Талғар ауданы, Ұйғыр ауданы, Шелек ауданы), Алматы қаласы, Атырау, Батыс Қазақстан облысы (Бөкей ордасы, Орал, Қаратөбе ауданы), Жамбыл облысы (Свердлов ауданы, Талас ауданы), Қарағанды, Орталық Қазақстан, Қызылорда облысы (Арал ауданы, Сырдария ауданы, Шиелі ауданы), Маңғыстау облысы (Жаңаөзен қаласы), Оңтүстік Қазақстан облысы (Шымкент, Түркістан, Шәуілдір), Павлодар облысы (Ақсу ауданы, Баянауыл ауданы, Лебяжье ауданы), Солтүстік Қазақстан облысы, Шығыс Қазақстан облысы (Семей, Абай ауданы, Абыралы ауданы, Көкпекті ауданы, Мақаншы ауданы, Шар ауданы, Шұбартау ауданы, Зайсан ауданы, Тарбағатай ауданы, Марқакөл ауданы).

Музей қорындағы коллекцияларының толығыуы және олардың қатарының ұлғаюы, әлбетте, жинақтау жұмыстарын жүргізу және арнайы тақырыптарды зерттеу үшін ұйымдастырылған археологиялық және этнографиялық экспедициялар, жекелеген ұйымдар мен тұлғалардың сыйға тартуы және сатып алу негізінде жүзеге асырылады. 1933 жылдан бастап музей қоры археологиялық, этнографиялық экспедициялар мен деректанулық ізденушілік жұмыстары нәтижесінде толығып отырды. Бұл түсімдердің басым бөлігі белгілі тарихшы, археолог және этнографтар: А.Байтұрсынов, Н.Г. Хлудов, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, Ә.Жиреншин, К.Ақышев, Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, Ө.Жәнібеков, З.С. Самашев, Ж.Қ. Құрманқұлов,

А.Н. Подушкин, Нұрсан Әлімбаев және басқа да ғалымдардың тарихи-деректанулық, археологиялық және этнографиялық бағыттағы іздестіру, жинастыру жұмыстарының нәтижесімен тікелей байланысты.

ҚР МОМ қорындағы коллекциялардың қалыптасу тарихы екі кезеңнен тұрады (орынборлық және алматылық). «Музейдің алғашқы коллекциялары Орынбор музейі жинақтары негізінде қалыптасты. 1831 жылы Орынбор әскери губернаторы, генерал-адъютант, граф П.П. Сухтеленнің бастамасымен құрылған Орынбор музейінің ашылуын Қазақстанның бас музейінің қоры мен экспозициясының негізі қаланған уақыт деп есептеуге болады» [32, 9 б.]

«1924 жылы кеңестік Ресейдің республикаларын ұлттық межелеуге байланысты Орынбор тарихи-өлкетану музейінің қоры екіге бөлінді. Осылайша Қазақстанның тарихы мен табиғатына қатысты коллекциялар Қазақ АКСР-не берілді» [32, 9 б.].

Ал, екінші кезең, 1929 жылы орталық өлкетану музейі қазақ автономиялық республикасының жаңа астанасы – Алматыға көшіруімен байланысты. 1929 жылы шілдеде Қазақстан Орталық өлкелік музейі Алматыға толық көшіп келді және Вознесенский кафедралды шіркеуінің ғимаратына орналасты. 1931 жылы Жетісу облыстық статистикалық комитеті жанынан құрылған Жетісу облыстық музейінің коллекциялары Қазақстан Орталық музей коллекциясының құрамына қосылды.

1935 жылы Орталық музей Қазақ АКСР-ның 15 жылдығына дайындық барысында барлық экспозицияларын қайта құрды. Музей қызметкерлері көшпелілер тұрмысы туралы материалдар жинау мақсатымен Оңтүстік Қазақстанға экспедицияға барып қайтты. 1936 жылы Алматы облысында екі экспедиция ұйымдастырылды. Музей экспозициясы көптеген этнографиялық заттармен толықтырылды. 1941 жылы Орталық музейге Дін және атеизм музейі қосылды. Музей жұмысы халыққа танымал болуы үшін 1944 жылы ол Қазақ КСР Орталық Мемлекеттік музейі деп аталды. Музей қорын Қарғалы қазынасының алтын бұйымдары, сақ-скиф алтынының мол коллекциясы, Ыбырай Алтынсариннің қолы қойылған мақтау қағазы, Тұрағұлдың әкесі Абай туралы қолжазбасы, Шоқан Уалихановтың, Жаяу Мұсаның, Әміре Қашаубаевтің, Сәкен Сейфуллиннің, Күләш Байсейітованың және басқалардың жеке заттары, сондай-ақ суретші Н.Г. Хлудовтың шығармаларының толық жинағымен толықтырылды.

1933 жылдан бастап музей қоры археологиялық, этнографиялық экспедициялар мен деректанулық ізденушілік жұмыстары нәтижесінде толығып отырды. 1942-1973 жылдар аралығында республиканың әр түрлі аймақтарына ірі тарихи-этнографиялық экспедициялар ұйымдастырылды. Нәтижесінде халықтың тұрмыс-тіршілігін, дәстүрін, мәдениетін, саяси және әлеуметтік жағдайын көрсететін құнды деректермен, материалдармен музей қоры толықты. 1985-1989 жылдар аралығында музей қызметкерлерімен ғылыми іс-сапарлар ұйымдастырылды. Жылына музей қоры шамамен 15-16 мың музей экспонаттарымен толығып отырды.

Әр жылдарда, өз лауазымы аясында, Қазақстанның бас музейінің дамуына үлес қосқан Орталық Мемлекеттік музейдің басшылары, тарихшы-ғалым, этнографтар музей коллекцияларының қалыптасуына көп ықпал етті.

1942-1951 жылдар аралығында Мемлекеттік Орталық музей директоры Әбусағит Мұсылманқұлұлы Жиреншин болды. Олар 9 жыл бойы қазақ халқының тарихы мен мәдениеті жөнінде этнографиялық материал жинау бойынша бірқатар экспедициялар ұйымдастырды. Музей экспедициясының құрамында ғалым археологтар мен этнографтар жұмыс істеді. Әбусағит Жиреншин тұңғыш қазақстандық абайтанушылардың бірі болды.

1956-1973 жылдары еліміздің Орталық музейінің директоры Сара Сатпайқызы Есова болды. Оның тікелей басшылығымен, Қазақстанның әр түрлі облыстарынан әдет-ғұрып пен дәстүрді бейнелейтін тарихи және этнографиялық материалдар жинау бойынша экспедициялар жүргізілді. Музей Мәскеуде 1958 жылы өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі шеңберіндегі көрмені дайындау кезеңінде айтарлықтай жұмыс жүргізді. Бұл көрмеде 400-ден астам музей экспонаттары – халық шығармашылығы шеберлерінің бұйымдары қойылды. Райхан Ескендірқызы Қосмамбетова 1974-1995 жылдары, Гүлжиян Бекейқызы Дүйсенбинова 1995-1997 жылдары, ал 1997-1999 жылдары Ермек Жангелдин Орталық музей директорының қызметін атқарды. 1999 жылдың наурыз айынан бастап 2022 жылға дейін Қазақстан Республикасы Орталық музейдің директорлық қызметін белгілі ғалым-этнолог Нұрсан Әлімбаев атқарды. Ол жүзден астам ғылыми жарияланымдардың авторы. Өзінің басшылық қызметке келуінен бастап музейді ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде ұйымдық-құрылымдық және функционалдық тұрғыдан жетілдіру стратегиясын ұстанып келді.

Жоғарыда көрсетілген экспедициялардың хронологиялық шеңберіне қарасак, соғыс жылдарынан кейін және 1985-1989 жылдар аралығында жасалынған экспедициялар негізінде салыстырмалы түрде музей қоры қарқынды түрде толыққан. Әрине, алғашқыда музей қоры жүйесіз түрде толықса, бүгінгі

таңда жүйелік, тақырыптық және кешенді принциптері негізінде жинақтау жұмыстары жүргізіледі. Ал, негізінен музей ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде ұйымдық-құрылымдық және функционалдық тұрғыдан соңғы 20 жыл көлемінде Қазақстандағы және Орта Азиядағы ең ірі әрі озық музей ретінде қалыптасты.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетіне қатысты этнографиялық коллекциялар өзіне тән ерекшеліктерін сақтап, бүгінгі күні ғылыми-танымдық маңызы артуда, әсіресе, қолданыс аясынан шығып кеткен бірегей музей құндылықтары ғалымдар үшін таптырмас дерек көздері болмақ.

Қырғыз халқы коллекциясы. Қазақстан диаспораларының мәдениеті атты көрме залында Алматы қаласында орналасқан қырғыздың «Мурас» мәдени орталығы ұсынған ат әбзелдері (ер-тұрман) көрсетілген. Көрмеде, сонымен қатар, XX ғасырдағы қырғыз ерлерінің бас киімі (қалпақ), велюр мен микробарқыттан тігілген әйелдер костюмі (оңтүстік өңірдің үлгісі), күмістен жасалған зергерлік бұйымдар, сондай-ақ комуз (ішекті) және ауыз комуз (үрмелі) деп аталатын музыкалық аспаптар және ағаш ыдыстар (темекі, чомуч, жағау табау, чанаш) экспозицияланған.

Қырғыздардың бас киімдер ішінен пішіні, сондай-ақ атауы да бірдей аталатын «қалпақ» атты бас киім қазақ халқының қолданатын қалпағымен ұқсас болып келеді. «Қалпақ» қырғыздардың ұлттық киімінің бір түрі. Олардың бас киім пішімі мен ою-өрнегі қазақ халқына ұқсас болған [14, с. 63].

Бұл экспозицияда қырғыз әйелінің бас киімі ерекше қызығушылық тудырады. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музей заттарының түсім кітабына сәйкес бұл бас киім КП 28224/1.2 нөмірімен тіркелген Қырғызстанның оңтүстік өңірінің үлгісі болып табылады. ҚР МОМ қорында сақталған қырғыз халқының киімдер үлгісі құнды дереккөзі болып табылады. К.И. Антипинаның қырғыздардың киіміне арналған монографиясының ауқымды тарауындағы қырғыз киімдерінің сипаттамасы осы музейде экспозицияланған киім үлгісімен дәлме-дәл келеді. Оның мәліметі бойынша XIX және XX ғасырдың басындағы бүкіл Қырғызстанда әйелдерге арналған ортақ бас киім тюрбан болған. Қырғызстанның оңтүстігінде оны «елечек» деп атаған. Ол бірнеше бөліктен тұрады: дульға тәрізді қалпақ (кеп тақия), маржан алқа, орамал, шылауыш (тюрбанның) өзі, ондағы әшекейлер (қырғақ), үстіңгі орамал (дурия). Бұл бас киім түрі Оңтүстік Қырғызстанға тән болды [29, 253 с.]. Қарастырылып отырған бұл элечек 2021 жылдың 3 маусымында «Мурас» қырғыз мәдени орталығының сыйлығы ретінде музейге алынды. Ол да Оңтүстік Қырғызстанға тән кеп тақия қалпақ, маржан алқа, орамал және үстіңгі орамалдан (дурия) тұрады.

Өзбек халқы экспозициясынан. Өзбек халқының элементтеріне арналған экспозициядан тамаша ою-өрнекпен өрнектелген мыс ыдыстарды, сырланған қыш ыдыстарды, түпнұсқа әшекей бұйымдарды, ұлттық музыкалық аспап, паранджа, шебер жібек кестелерді көруге болады. Өзбек халқына қатысты музей құндылықтары музей алғаш құрылған кездерден бастап қалыптасты. Кейбір тұрмыстық заттар «орынбор» кезеңінен бастап жинақталған. Мысалы, ағаш қасықтар музей қорына 1924 жылы түскен. Ыдыс-аяқтың тағы бір дәстүрлі түрі – сапты аяқ, ол Жетісу облыстық музейінің қорынан келген, көк түске боялған, түбі қызыл түске боялған ағаш шөміш (анықтама үшін: 1931 жылы Жетісу облыстық музейінің қоры Қазақстан Орталық музейі қорына қосылған).

Түркімен халқы. Түркімен халқы бойынша экспозицияға түркімен әйелдерінің киімдері, зергерлік бұйымдар мен күмістен жасалған зергерлік бұйымдар, сондай-ақ қуыршақтар, жүннен тоқылған шұлықтар, кілем бұйымдары қойылған. Зал экспозициясын жаңарту және толықтыру мақсатында музей қорын толықтыру жұмыстары жүргізілген. Жоғарыда аталған бұйымдарының басым көпшілігін Алматы қаласындағы түркімен этномәдени орталығы музей қорына өткізген.

Түркіменстанда кілем тоқу, киіз басу қолөнерінің негізгі түрі болған. Кілем тоқу, киіз басу, жібек тоқу XIX ғасырдың ортасында коммерциялық құндылыққа ие болды. Тоқылатын кілемдер ішінен Түркіменстан кілемдері көрнектілігі жағынан ерекше көзге түседі. Кілемдер мен кілемдік бұйымдарды ерте заманнан бастап шығарып келе жатқан елдің бірі – түркімендер.

Түркімендерге арналған көрмеде қойылған түкті кілемше XX ғасырдың екінші жартысына жатады. Түкті тоқыма. Көліне екі қатар егіп аттабан өрнегі терілген, үш суы, бір қорғаны бар, екі шеті шашақты қызыл кілем. Аттабан өрнегінің іші ақ, қызыл түсті төрт бөлікке бөлініп, төртбұрыш салынған. Аралықтарына және қолтықшаларына тістішаршы өрнегі тоқылған. Кілемнің жиегіне көгеріс, гүл өрнегінен үш қатар су жүргізіліп, арасындағы қорғанына ақ, қызыл, қоңыр түсті зооморфты өрнектер салынған шаршы айнала тізбектелген. Кілемнің екі шетіндегі жалпақ жолаққа ақ, қызыл түсті шаршы өрнегі салынып, ақ түсті желі жібінен шашақ шығарылған. Оны 1997 жылы Түркіменстан Республикасының Президенті С.Ниязов сыйға тартқан болатын.

Қорытынды. Сонымен, ұсынылған этнографиялық материалда Орталық Азиядағы түркі халықтарының сан ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс-тіршілігі, философиялық дүниетанымы, бай

материалдық және рухани мәдениеті айқын көрініс тапқан. Коллекцияның негізгі бөлігі музей экспозициясында көрсетілген, бұл халықтардың мәдениетіне, тарихына байланысты коллекциялардың құрамын анықтауға мүмкіндік береді. Ол жоғарыда аталған халықтардың дәстүрлі мәдениетінің негізгі құрылымдық компоненттерін қамтиды. Бұл тұрғын үй (ең алдымен киіз үй), жиһаздар, ұлттық киім үлгілері, тұрмыстық ыдыстар, тұрмыстық бұйымдар мен халық қолданбалы өнері. Айта кететін жайт, қазақ халқының тарихы мен дәстүрлі мәдениетін көрсететін этнографиялық коллекциялар алуан түрлі болып келеді. Орталық Азияның қалған халықтарына келетін болсақ, олардың тарихы мен дәстүрлері әлдеқайда қарапайым түрде ұсынылған, бірақ соған қарамастан, бұл халықтардың экспозициялары олардың мәдениеті мен өмір салты туралы толық түсінік алуға мүмкіндік береді. Музей қорларының қалыптасуына арнайы ұйымдастырылған ғылыми экспедициялар, жеке адамдардан музейлік мәні бар құндылықтарды сатып алу, жергілікті әкімшіліктің мемлекеттік қызметкерлерін ынтымақтастыққа тарту сияқты факторлардың ықпалы зор болды. Музейдің этнографиялық жинақтарының қалыптасу тарихынан байқалған мәселе, ол – этнографиялық материалдардың музей қорына жүйесіз және бірқалыпты емес түскенін байқауға болады. Этнографиялық коллекциялар қорын қалыптастырудағы алғашқы жұмыстар кездейсоқ сипатта болса, музейдің кейінгі жинақтау қызметі біршама жүйелі және әр кезеңдегі Орталық музейдің алдында тұрған нақты міндеттерді шешуге бағытталғанын аңғаруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің сайты <http://www.csmrk.kz/index.php/about-muz-menu/mnu-history-muz> (қаралған күні 27.12.2021)
2. Прищепова В.А. Коллекции заговорили. История формирования коллекций МАЭ по Средней Азии и Казахстану (1870-1940). – Санкт-Петербург: Музей антропологии и этнографии, 2000. – 272 с.
3. Столпянский П.Н. Город Оренбург: материалы к ист. и топогр. города. – Оренбург: Губерн. тип., 1908. – 399 с.
4. Райский П.Д. Путеводитель по городу Оренбургу. – Оренбург: Оренбург книжное издательство, 2000. – 176 с.
5. Модестов Н. Исторический очерк. Владимир Иванович Даль в Оренбурге. – Оренбург: Тург.Обл.Правления. 1913.
6. Модестов Н. Магистр философии Фома Карлович Зан в Оренбурге. – Оренбург: Тург.Обл.Правления. 1917.
7. Отчеты ЦКМК за 1923–24 гг. // Труды общества изучения Казахстана. Т.6. – Оренбург, 1925. – С. 308–313.
8. Вестник Центрального Музея Казахстана. №1. – Алма-Ата: Казиздат. 1930.
9. Жиренчин А. Из истории Центрального музея Казахстана // Вестник Академии Наук Казахской ССР. №8. 1947. – С.58–61.
10. Аргынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері: Ғылыми зерттеу еңбек. – Алматы: Өнер, 1987. – 128 б.
11. Востров В.В., Захарова И.В. Казахское народное жилище. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1989. – 179 с.
12. Джанибеков У. Культура казахского ремесла. – Алма-Ата: Өнер, 1982. – 144 с.
13. Джанибеков У. Эхо... по следам легенды о золотой домбре. – Алма-Ата: Өнер, 1991. – 304 с.
14. Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда: XIX-начало XX века. – Алма-Ата: Наука, 1964. – 176 с.
15. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Т.1. – Алматы: Өнер, 1986. – 256 с.
16. Муканов М.С. Казахская юрта. – Алма-Ата: Кайнар, 1981. – 224 с.
17. Муканов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. – Алма-Ата: Казахстан, 1979. – 120 с.
18. Кайназарова А.К. Музейное дело в Казахстане (1831-1925 гг.): автореф. на соис. к.и.н. Алматы, 1995. – 24 с.
19. Ибраева А. Қазақстанда мұражай жүйесінің қалыптасуы (1920-1940 жж.). т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін диссер. авторефераты. – Алматы, 1999. – 29 б.
20. Тайман С.Т. Қазақстанда мұражай жүйесінің дамуы: тәжірибелер және проблемалары (1946-1970 жж.): т.ғ.к. ... автореф. – Қарағанды, 1999. – 28 б.
21. Алимбай Н. Традиционная одежда как один из базовых компонентов системы жизнеобеспечения этноса // Этнографическая коллекция Центрального государственного музея Республики Казахстан.

том I. Казахская традиционная одежда (иллюстрированный научный каталог). – Алматы: Онер, 2009. – С. 10-12.

22. Этнография: Учебник/под ред. Ю.В. Бромляя и Г.Е. Маркова. – Москва: Высш. школа, 1982. – 320 с.

23. Этнология (этнография): учебник для академического бакалавриата / под ред. В. А. Козьмина, В. С. Бузина. – Москва: Издательство Юрайт, 2015. – 438 с.

24. Российская музейная энциклопедия. Интернет ресурс http://museum.ru/rme/col_vid.asp?etn (қаралған күні 25.12.2021)

25. Дмитриев В.А., Калашиникова Н.М. Этнографические коллекции // Российская музейная энциклопедия. – Москва: Прогресс, «РИПОЛ КЛАССИК», 2001. Т.2. – С. 363-364.

26. История Казахстана и Центральной Азии: Учеб.пособие / Абусеитова М.Х. и др. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 616 с.

27. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты 1308 қор, 1 тізбе, 6 іс, 46 б.

28. Меңдібаев Н.М. Қазақ қолөнеріндегі теріден жасалған ыдыстары // IX Оразбаев оқулары халықаралық ғылыми әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – С.274-277.

29. Антипина К.И. Особенности материальной культуры и прикладного искусства южных киргизов. – Фрунзе: Изд-во АН Кирг ССР, 1962. – 288 с

30. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі / энциклопедия. Т.2. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. – 848 б.

31. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі / энциклопедия. Т.3. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. – 856 б.

32. Әлімбаев Н., Ермекбаев Ж., Ибраева А. Еліміздің бас музейі тарихы мен бүгінгісіне қысқаша шолу // ҚР МӨМ. Фотоальбом. – Алматы: «Өнер», 2009. – Б. 9-19

References:

1. Site of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan <http://www.csmrk.kz/index.php/about-muz-menu/mnu-history-muz> (accessed December 27, 2021)

2. Prishchepova V.A. Kollektii zagovorili. Istoriya formirovaniya kollektivy MAE po Sredney Azii i Kazakhstanu (1870-1940) [Collections started talking. The history of the formation of the MAE collections in Central Asia and Kazakhstan (1870-1940)]. St. Petersburg: Museum of Anthropology and Ethnography, 2000. 272 p. [In Russian].

3. Stolpyanskiy P.N. Gorod Orenburg: materialy k ist. i topogr. Goroda [City of Orenburg: materials to the East. and topographic cities]. Orenburg: Gubern. tip., 1908. 399 p. [In Russian].

4. Rayskiy P.D. Putevoditel' po gorodu Orenburgu [Guide to the city of Orenburg.]. Orenburg: Orenburg knizhnoye izdatel'svo, 2000. 176 p. [In Russian].

5. Modestov N. Istoricheskiy ocherk. Vladimir Ivanovich Dal' v Orenburge [Historical essay. Vladimir Ivanovich Dal in Orenburg]. Orenburg: Turg.Obl.Pravleniya. 1913. [In Russian].

6. Modestov N. Magistr filosofii Foma Karlovich Zan v Orenburge [Master of Philosophy Foma Karlovich Zan in Orenburg]. Orenburg: Turg.Obl.Pravleniya. 1917. [In Russian].

7. Otchety Tsentral'nogo Krayevogo Muzeya Kazakhstana za 1923–24 gg. [Reports of the Central Regional Museum of Kazakhstan for 1923–24] // Proceedings of the Society for the Study of Kazakhstan. T.6. Orenburg. 1925. P. 308–313 [In Russian].

8. Vestnik Tsentral'nogo Muzeya Kazakhstana [Bulletin of the Central Museum of Kazakhstan]. №1. Alma-Ata: Kazizdat. 1930. [In Russian].

9. Zhirenchin A. Iz istorii Tsentral'nogo muzeya Kazakhstana [From the history of the Central Museum of Kazakhstan] // Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. No. 8. 1947. P. 58–61 [In Russian].

10. Argynbayev H. Qazaq halqının koloneri: Gulımy zertteu enbek [Crafts of the Kazakh people: scientific research work]. Almaty: Oner. 1987. 128 p. [In Kazakh].

11. Vostrov V.V., Zakharova I.V. Kazakhskoye narodnoye zhilishche [Kazakh folk dwelling]. Alma-Ata: Science of the Kazakh SSR, 1989. 179 p. [In Russian].

12. Dzhanibekov U. Kultura kazakhskogo remesla [Culture of the Kazakh craft]. Alma-Ata: Oner, 1982. 144 p. [In Russian].

13. Dzhanibekov U. Ekho... po sledam legendy o zolotoy dombre [Echo... in the footsteps of the legend of the golden dombra]. Alma-Ata: Oner, 1991. 304 p. [In Russian].

14. Zakharova I.V., Khodzhaeva R.D. *Kazakhskaya natsionalnaya odezhda: XIX-nachalo XX veka* [Kazakh national dress: XIX-early XX century]. Alma-Ata: Nauka, 1964. 176 p. [In Russian].
15. Margulan A. H. *Kazakhskoye narodnoye prikladnoye iskusstvo* [Kazakh National applied art]. T. 1. Almaty: Oner, 1986. 256 p. [In Russian].
16. Mukanov M.C. *Kazakhskaya yurta* [Kazakh yurt]. Alma-Ata: Kainar, 1981. 224 p. [In Russian].
17. Mukanov M.S. *Kazakhskiye domashniye khudozhestvennyye remesla* [Kazakh home art crafts]. Alma-Ata: Kazakhstan, 1979. 120 p. [In Russian].
18. Kaynazarova A.K. *Muzeynoye delo v Kazakhstane (1831-1925 gg.)* [Museum business in Kazakhstan (1831-1925)]. avtoref. na sois. k.i.n. Almaty, 1995. 24 p. [In Russian].
19. Ibrayeva A. *Qazaqstanda mūrājai jüiesiniñ qalyptasuy (1920-1940 jj.)* [formation of the museum system in Kazakhstan (1920-1940.)]. avtoref. na sois. k.i.n. Almaty, 1999. 29 p. [In Kazakh].
20. Taiman S.T. *Qazaqstanda mūrājai jüiesiniñ damuy: täjiribeler jäne problemalary (1946-1970 jj.)* [Development of the museum system in Kazakhstan: experiments and problems (1946-1970)]. avtoref. na sois. k.i.n. Karagandy, 1999. 28 p. [In Kazakh].
21. Alimbay N. *Traditsionnaya odezhda kak odin iz bazovykh komponentov sistemy zhizneobespecheniya etnosa* [Traditional clothes as one of the basic components of the life support system of an ethnos] // *Ethnographic collection of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan. volume I. Kazakh traditional clothing (illustrated scientific catalog)*. Almaty: Oner, 2009. P. 10-12. [In Russian].
22. *Etnografiya: Uchebnik* [Ethnography: Textbook] /pod red. YU.V. Bromleya i G.Ye. Markova. Moskva: Vyssh. shkola, 1982. 320 p. [In Russian].
23. *Etnologiya (etnografiya): uchebnik dlya akademicheskogo bakalavriata* [Ethnology (ethnography): a textbook for academic undergraduate studies] / pod red.V. A. Koz'mina, V. S. Buzina. – Moskva: Izdatel'stvo Yurayt, 2015. 438 p. [In Russian].
24. *Rossiyskaya muzeynaya entsiklopediya. Internet resurs* [Russian museum encyclopedia. Internet resource] http://museum.ru/rme/col_vid.asp?etn (accessed December 25, 2021) [In Russian].
25. Dmitriyev V.A., Kalashnikova N.M. *Etnograficheskiye kolleksii* // *Rossiyskaya muzeynaya entsiklopediya*. [Ethnographic collections // Russian Museum Encyclopedia] – Moskva: Progress, «RIPOL KLASSIK», 2001. T.2. – P. 363-364.
26. *Istoriya Kazakhstana i Tsentralnoy Azii: Ucheb.posobiye* [History of Kazakhstan and Central Asia: Studies.manual] / Abuseitova M.H. et al. - Almaty: Dyke Press, 2001. 616 p. [In Russian].
27. *Kazakhstan Respublikasy Ortalyq memleketyk muragaty 1308 kor, 1 tyzbe, 6 is, 46 b.* [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan 1308 funds, 1 list, 6 cases, 46 p.]
28. Mendibayev N.M. *Qazaq qolonerindegi teriden jasalgan idistary* [Leather utensils in Kazakh handicrafts]. // IX Orazbaev okulary halikaralik gilmy adistemelik konferenciya materialdary. Almaty: Qazaq universiteti, 2018. P.274-277. [In Kazakh].
29. Antipina K.I. *Osobennosti materialnoy kultury i prikladnogo iskusstva yuzhnykh kirgizov* [Features of the material culture and applied arts of the southern Kyrgyz]. Frunze: Publishing house of the Academy of Sciences of the Kirg SSR, 1962. 288 p. [In Russian].
30. *Kazaktın etnografiyalıq kategoriyalar, ugımdar men ataularının dasturli zhuyesi* [Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names] / enciklopediya. T.2. – Almaty: TOO «Alem Damu Integraciya», 2017. 848 p. [In Kazakh].
31. *Kazaktın etnografiyalıq kategoriyalar, ugımdar men ataularının dasturli zhuyesi* [Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names] / enciklopediya. T.3. – Almaty: TOO «Alem Damu Integraciya», 2017. 856 p. [In Kazakh].
32. Alimbay N., Yermekbayev Zh., Ibrayeva A. *Elimizdin bas muzei tarihy men bugingisine kyskasha sholu* [A brief overview of the history and present of the main museum of the country] // KR MOM. Photo album. – Almaty: Oner, 2009. P. 9-19. [In Kazakh].